

2009-2011 жылдары мүгедектер үшін жұмыс орнының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 5 маусымдағы N 48 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 шілдеде N 5-5-95 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы N 149 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің
2012.01.23 N 149 қаулысымен.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 149 санды Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 13 сәуірдегі № 39 санды «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 31 бабының 1) тармақшасы және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 санды «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Абай ауданы әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Мүгедектер үшін жұмыс орнына квоталар енгізілген шаруашылық субъектілерінің жұмыс орны санының үш пайызы көлемінде белгіленсін.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (С. Татиева) жұмыс берушінің қатысуымен Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес мүгедектерді жұмыспен қамту үшін әлеуметтік жұмыс орындарын қ ұ р с ы н .

3. 2009-2011 жылдары мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы енгізілген шаруашылық жүргізуші нысандардың тізбесі және қосымшаға сәйкес олардағы квоталанған жұмыс орындарының тізбесі бекітілсін (Қосымша).

4. Осы қаулының орындалуына басшылық жасау аудан әкімінің орынбасары Н. Жүнісжановқа жүктелсін.

5. Қаулы ресми жарияланған соң 10 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Е. СҮЛЕЙМЕН

Абай ауданы әкімдігінің
5 маусым 2009 жылғы

ҚОСЫМШАСЫ

Абай ауданы бойынша 2009-2011 жылдарға мүгедектер үшін жұмыс орнына квоталар еңгізілген шаруашылық субъектілерінің ТІЗІМІ

Реттік саны	Шаруашылық субъектілерінің атауы	Жұмыс орнының жалпы саны	Квоталанған жұмыс орындарының саны
1	Қарауыл гимназиясы	71	2
	Жиыны		2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК